



**Қазақстан Республикасында
міндетті әлеуметтік медициналық
сақтандыру жүйесін (МӘМСЖ)
енгізу**



Тараз, 2017 жыл

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру дегеніміз не?

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі – ол денсаулық сақтау саласында мемлекеттік әлеуметтік мүдделерді қорғау жүйесі.

МӘМС, Қазақстанның барлық сақтандырылған азаматтарына, жынысына, жасына, әлеуметтік мәртебесіне, тұратын жеріне және табыстарына қарамастан медициналық және дәрілік көмекке тең қолжеткізуге кепілдік береді.

МӘМС мақсаттары:

- Қоғамдық ынтымақтастыққа жету;
- Денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығы;
- Елдің әр тұрғыны үшін медициналық көмектің бірыңғай топтамасы және оған жету теңдігі;
- Көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыру, медициналық ұйымдардың жоғары құзыреттігін және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, жаңа технологиялар және оқыту үшін жағдай жасау;
- Өңірлер бойынша қаржы бөлудің және жеткізушілерден медициналық көмекті сатып алудың бірыңғай ережелері.

МӘМС жүйесінің негізгі қағидалары:

- әмбебаптылық;
- әлеуметтік әділеттілік;
- ынтымақтастық.

Міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің жұмыс жасау тетіктері:

МӘМС мемлекеттің, жұмыс берушінің және әр адамның ынтымақтық жауапкершілігімен негізделген. Сонда, мемлекет экономикалық тұрғыдан енжар халық үшін жарна салуды жүзеге асырады. Жұмыс берушілер – жалдамалы жұмыскерлер үшін. Салық органдарында тіркеуге алынған жұмыскерлер және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар – өзі үшін.

Сонымен, «бүгін сен көмектес – ертең барлығы саған көмектеседі» атты ынтымақтық жауапкершілік негізінде, мұқтаждығы кемнен мұқтаждығы арта түскенге – қаржы ресурстарын тиімді бөлу қағидасы іс-әрекет етеді.

МӘМС заңнамасына ұсынылатын өзгерістер

	2017	2018	2019	2020	2022	2023
Мемлекет жарнасы						
Қолданыстағы «МӘМС туралы» ҚР заңы бойынша	4%	5%	5%	5%	5%	6%
ҚР заң жобасы бойынша		3,75%	4%	4%	4%-дан 5%-ға дейін	4%-дан 5%-ға дейін
Төмендеу		0,75%	1%	1%	1%	1%
Жұмыс берушілер аударымдары						
Қолданыстағы «МӘМС туралы» ҚР заңы бойынша	2%	3%	4%	5%	5%	5%
ҚР заң жобасы бойынша	1%	1,50%	1,50%	2%	3%	3%
Төмендеу	2 есе	2 есе	2,66 есе	2,5 есе	1,66 есе	1,66 есе
Жеке кәсіпкерлер жарнасы						
Қолданыстағы «МӘМС туралы» ҚР заңы бойынша (1 ЕТЖМ-нен)	2%	3%	5%	7%	7%	7%
ҚРЗ жобасы бойынша (2 ЕТЖМ-нен)	5%	5%	5%	5%	5%	5%
Ұлғаю/төмендеу	2,5 есе	2%-ға	-	2%-ға	-	2%-ға
Енжар халық (1 ЕТЖМ-нен)						
Қолданыстағы «МӘМС туралы» ҚР заңы бойынша	-	-	-	-	-	-
ҚР заң жобасы бойынша		5%	5%	5%	5%	5%

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры деген не?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (ӘМСҚ) – медициналық қызметтерді сатып алу шарттында көзделген көлемі мен шарттарда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері жасайтын аударымдар, жарналар жинайтын, қызметтерді сатып алу оларға ақы төлейтін коммерциялық емес ұйым.

Қор тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңбері бойынша қаржылық оператордың және стратегиялық сатып алушы функцияларын атқаратын болады.

Азаматтың “сақтандырылғанын” қалай білуге болады?

Адамның сақтандыруы бар-жоғын анықтау үшін, медицина ұйымының жұмыскері бірыңғай электрондық деректер базасына оның ЖСН енгізгені жеткілікті.

Егер аударымдар жасалатын болса, жүгінген адам, сақтандыру тарапынан көрсетілетін барлық қызметтерді қолдануға құқылы.

Жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар МӘМС жүйесінің қатысушысы қалай бола алады?

Жеке кәсіпкерлер жергілікті салық органдарында тіркеуден өтуі керек.

Жұмыс болмаған жағдайда, жұмыспен қамту органдарында тіркеуден өтіп, жұмыссыз мәртебесін алу керек.

Жұмыссыз болып тіркелген азаматтар үшін жарна салуды мемлекет жүзеге асырады.

МӘМС жүйесінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қандай қызмет түрлері көрсетіледі?

- әлеуметтік мәні бар ауруларды емдеу (туберкулез, психикалық және т.б. аурулар);*
- шұғыл жедел көмек;*
- санитарлық авиация;*
- вакцинация.*

Бұл сақтандырудың бар-жоғына қарамастан ҚР барлық азаматтары үшін базалық қызметтер жиынтығы.

МӘМС жүйесінің қатысушысы қандай қызметтер түрлерін алуы мүмкін?

- Сақтандандырылған азаматтарды амбулаториялық-емханалық көмекпен, амбулаториялық дәрілік заттармен қамтамасыз ету;
- стационарлық медициналық көмек;
- жоғары технологиялық медициналық қызметтер;
- Стационарды алмастыратын медициналық көмек;
- ұзақ мерзімді мейірбикелік күтім;
- дәрілік препараттар.

ӘМСҚ кірістерінің өсімі бойынша халық үшін қолжетімді топтамасы кеңейтілетін болады.

ӘМСҚ- на мемлекет кім үшін жарна төлейді?

“МӘМС туралы” заңға сәйкес қорға жарна төлуден босатылады:

- 1) балалар;
- 2) «Алтын алқа», «Күміс алқа» белгілерімен немесе бұрынырақ «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежедегі «Ана даңқы» ордендермен марапатталған көп балалы аналар;
- 3) Ұлы Отан соғысының қатысушылары және мүгедектері;
- 4) мүгедектер;
- 5) жұмыссыз болып тіркелген тұлғалар;
- 6) интернат ұйымдарында оқитын және тәрбиеленетін тұлғалар;
- 7) орта, техникалық және кәсіптік, орта және жоғары білімнен кейінгі, сондай-ақ жоғары оқу орындардан кейінгі білімімен резидентура түрінде күндізгі оқу орындарында оқитын тұлғалар;
- 8) бала (балалар) тууға, жаңа туған баланы (балаларды) бала (қыз) етіп алуға, оған (оларға) үш жасқа жетуге дейін күтім жасауына байланысты демалыстағы тұлғалар;
- 9) жұмыс істемейтін жүкті әйелдер, сондай-ақ баланы (балаларды) үш жасқа дейін тәрбиелейтін жұмыс істемейтін тұлғалар;
- 10) зейнеткерлер;
- 11) қауіпсіздігі ең төмен мекемелерді қоспағанда, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде сот үкімі бойынша жазаларын өтеп жатқан тұлғалар;
- 12) уақытша ұстау изоляторларда және тергеу изоляторларында ұсталатын тұлғалар;
- Сонда, әскери қызметшілер, арнайы мемлекеттік органдарының қызметкерлері, құқық қорғау органдарының қызметкерлері жарна төлеуден босатылады, бірақ медициналық қызметті ведомстволық мекемелерінде алуды жалғастырады.

Жарна төлеушілердің санаттық тізімін кеңейту

ҚР заңында қарастырылған түзетулерге сәйкес, мемлекеттен жарна төлеушілер санаттарын кеңейту ұсынылады:

- ▶ 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға күтім жасайтын жұмыс істемейтін тұлғалар;
- ▶ Күндізгі нысан бойынша жоғарғы оқу орнын бітірген тұлғалар, техникалық және кәсіптік оқу, орта білім орындарын, сондай-ақ жоғарғы оқу орнын бітірген соң оқу аяқталған айдан кейін үш күнтізбелік ай бойы;
- ▶ Жұмыс істемейтін оралмандар (тіркеу күнінен бастап 1 жыл бойына);
- ▶ ҚР аумағында тұрақты тұратын шетелдік және азаматтығы жоқ тұлғалар (Заңның 26-бабы 1 тармағында көрсетілген тұлғалар санаттары бойынша: балалар, зейнеткерлер, мүгедектер, білімгерлер және т. б.).

МӘМС жүйесін енгізудің халыққа тиімділігі:

- Сапалы медициналық көмектің қолжетімділігі;
- Денсаулық сақтау жүйесінің халық қажеттілігіне сай болуы;
- Азаматтар денсаулығының жақсаруы және өмір сүру ұзақтығының ұлғаюы;
- Амбулаторлық-дәрілік заттармен қамтамасыз ету топтамасының кеңейтілуі.

Назар аударғандарыңызға рахмет!